

# БИЗНЕСТІҢ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА КӨЗІ



## Ауылға қолдау қажет

– Бүгінгі күні ауыл-аймақтар мен өңірлерде бір емес, бірнеше мемлекеттік бағдарлама жүзеге асырылып жатыр. Жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті дамытуды көздеген көптеген қаржыландыру үдерістері үкіметтік деңгейде жүргізілуде десек те, ауылды жерлердегі кәсіпкерлікті жандандыруда бұлар да жеткіліксіз күйде қалып отыр. Мысалы, ауыл кәсіпкері «Даму» бағдарламасы арқылы белгілі бір мөлшерде қаржы алғысы келсе, оған кепіл ретінде қоятын жері немесе мүлкі болуы керек. Ал ауыл азаматтарында ондай мүмкіндіктер болмауы мүмкін. Жобасы бар, ақшасы жоқ кісілердің кәсібін қолдау мақсатында біз осындай қор құрып, іске қосқалы жатырмыз. Бұл қаржы ауыл шаруашылығы саласы мен тамақ өнеркәсібіне қатысты жобаларды жүзеге асыруға жұмсалыды, – деді.

А.Мырзахметов бүгінге дейін палата жанынан құрылған арнайы комиссияға 130-дай жоба келіп түскенін жеткізді. Соның ішінде әзірге 20 жоба қаржыландыруға дайын екен. Ол жобаларды қаржыландыру алдағы маусым айында басталады. Ол Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте Президент жариялаған бес реформаны жүзеге

ҰҚП бастамасымен құрылған Инвестициялық қор маусым айынан бастап кәсіпкерлік саланы қаржыландыруды бастайды. Бұл туралы «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының төрағасы Абылай Мырзахметов мәлімдеді. Палатаның ұсынысымен «Бәйтерек» холдингі және «АЛМЭКС» холдинг тобының қатысуымен арнайы қор құрылған болатын. Бүгінгі таңда қордың құны 10 млн. долларды құрап отыр. Алдағы айда қор 20-ға жуық жобаны қаржыландыруды бастамақшы. ҰҚП төрағасы бұл қор еліміздегі, әсіресе ауыл-аймақтағы кәсіпкерлік саланы дамыту мақсатында құрылғанын айтады.

асыруға арналған 100 нақты кадамға арналғанды. ҰҚП төрағасы бизнес-қауымдастықтардың бес реформаны жүзеге асыруға әзір екенін айтты.

## Маңызды құжат

– Бес бағдарламаның барлығы да маңызды. Әсіресе, біздегі кәсіпкерліктің қарқынды дамуы, алдымыздағы стратегиялық мақсатымыз, 2050 жылға қарай ішкі өнімнің 50 пайызы шағын және орта бизнестің үлесінде болуы маңызды стратегиялық бағыт. Сондықтан осы бағытқа жету үшін бізге екі фундаменталды жағдай керек. Біріншісі – елімізде мемлекеттік кәсіби аппарат құру. Бұл өте қажет, себебі, кәсіпкерлерге қатысты барлық құжаттар мен бағдарламаларды мемлекеттік органдар қабылдайды. Сондықтан мемлекеттік органдардың еш кедергісіз кәсіби жұмыс істеуі кәсіпкерлерге ғана емес, қоғамға осындай қызмет көрсетуі – бірінші талап. Екінші сала – заңның үстемдігі. Кәсіпкерлердің өзін-өзі заңмен қорғалғанын көрсету маңызды мәселе. Егер байқасаңыздар, 100 кадамның нақты 50 қадамы индустриаландыру және экономикалық өрлеуге қатысты. Бұл – кәсіпкерлерге нағыз қажетті кадамдар. Қалғаны бірлік, елдегі тыныштық, ол да кәсіпкерлер үшін өте маңызды, – деді А.Мырзахметов.

Есте болса, жуырда ғана еліміздегі құс өсірушілер одағы жұмысшыларының 80 пайызға жуығын қысқартуға мәжбүр екенін мәлімдеген болатын. Брифинг барысында ҰҚП бұл саладағы

кәсіпкерлерге қандай көмек бере алады деген сауал қойылды. Оның айтуынша, бұл біздің елдің басты сауда серіктесіміздің валютасы құлдырауынан келген кері әсер.

## Құс өсірушілерді қолдаудың үш жолы

– Біз бұл мәселені бірден талқыладық. Мұны шешудің үш жолы бар: біріншісі – ЕуразЭО аясында біздің міндеттемелерімізбен рұқсат етілген шектеу енгізу. Айта кету керек, бізге жарты жылға дейін шектеу енгізуге болады. Екіншісі – рубльді теңгеге теңестіру. Жарты жылдан соң рубль қайта күшіне

енеді деген еді, рас, келді. Үшіншіден, нақты субсидиялау. Егер біз басқа салаларға зияны тиетіндіктен девальвация жасай алмасақ немесе рубль бағамын теңгеге теңестіре алмасақ, онда мұндай жағдайдан зардап шегіп отырған салаларды субсидиялауымыз керек, – дейді ол. Оның пікірінше, құс өсірушілердің бизнесіне көбіне заңсыз импорт пен техникалық регламент нормаларына сәйкес келмейтін контрафакт зиянын тигізеді. Сондықтан да ҰҚП екі ай бұрын осы жөнінде мәлімдеме жасады.

Палата тұтынушылар құқын қорғау жөніндегі комитет істі қолға алып, мыңнан астам бақылау сатып алуларды тексерген. Сонда бұл сатып алулардың 30 пайызы сәйкессіз тауарлар туралы ақпаратымызды растады. Осы бағыттағы жұмыс аясында Үкіметке тиісті ұсыныс жасаған. Олар өнімді шектемей, автокөлік өткелдерінде ықпалдастырылған бақылау орнату керек екенін алға тартты. Оның ішіне ветеринарлар, санитарлық-эпидемиологиялық қызмет, автокөлік бақылау және техникалық регламенттер бақылауы кіруі қажет.



жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Ақтаудағы кәсіпкерліктің дамуы

Өңірде кәсіпкерлік кең қанат жайды «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының Маңғыстау облыстық филиалы ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында мемлекеттік қолдауға ие болған кәсіпорындарға пресс-тур ұйымдастырды.



Бірінші болып бас сұққан нысан – Ақтау қаласы №2 өндірістік аймағында орналасқан «Тирас» ЖШС жаңа өндіріс нысаны болды. Нысан «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында жаңа жобаны сәтті жүзеге асыруда. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы қажетті құрылғы, құрал-жабдықтарды алып, қаржылық қолдау мен кепілдендіруге қол жеткізген. Осылайша, кәсіпорын мырышталған болаттан жасалған құрылыс конструкцияларын шығаруды қолға алыпты. Бағасы қолжетімді өнім экологиялық залалсыздығымен, орнықтылығы мен пішінінің сан алуандығымен ерекшеленеді. Онай жиналмалы жұқа қабырғалы жеңіл болат конструкцияларынан тұрғызылған ғимарат 100 жылға дейін қолданысқа жарамды, – дейді мамандар.

«Тапсырыстың басым бөлігі мұнай өндіру компаниялары мен құрылыс ұжымдары тарапынан түседі. Мұнай кен орындарында сортаң топырақ салдарынан салмағы ауыр контейнерлерді тасымалдау әрі орналастыру қиынға соғады. Ал мұндай жағдайда қысқа мерзімде салынатын жеңіл конструкциялар таптырмас өнім», – дейді «Тирас» ЖШС-нің бас инженері Анатолий Крыжанок.

Мұнан кейін журналистер сауда нарығында 15 жылдан бері табысты еңбек етіп келетін «Идальго Ақтау» серіктестігінің сауда өндірісті компаниясының жиһаз цехына бас сұқты. Сауда компаниясы сан мәрте халықаралық марапаттауларға ие болып, бірнеше рет «Халықтық марка» жүлдесінің жеңімпазы атанған.

– 2013 жылы жиһаз өндіретін құрылыс цехының бизнес-жоспарын құрдым. Бұл идея «Даму» қоры тарапынан қолдауға ие болды. «Іскерлік байланыс» оқу курсынан өтіп, біліктілікті арттыру бағдарламасын тамамдадым. Нәтижесінде, Германия қаласына сапар шегіп, іскерлік тәжірибеден өттім. Қазіргі таңда жиһаз өндіру цехы 25 білікті маманды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр, – дейді компания директоры Ирина Беляева.

«Көптеген кәсіпкерлер, әсіресе шағын бизнесте өз заңгерін, есепшісін ұстау мүмкін емес, бұл ретте кәсіпкер олардың міндетін өзі атқаруына тура келеді, нәтижесінде ол сол саладағы білімінің жоқтығынан зардап шегеді. Ал енді Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығына барып білімді мамандардың көмегіне жүгінуге болады. Оның үстіне ол қызметтің бәрі тегін», – деді кәсіпкер Владислав Тетеря.

# БИЗНЕСТІ НЕСИЕЛЕНДІРУ ҮРДІСІН ДАМУҒА ҚАЖЕТ

Бұл туралы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту Қоры» АҚ басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимова VIII Астана экономикалық форумы аясында өткізілген «Кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндіктер» атты панельдік сессиясында мәлімдеді.



## Кәсіпкерлікті бағалаудың рейтингісі

«Даму» Қоры ұсынған жаңа құралдардың ішінде несиелерді кепілдендірудің баламалы бағдарламасы бар. Бұл бағдарлама саласы мен аймағына қарамастан «Даму» Қорының 50 пайызға дейін берілетін кепілдігін қарастырады. Сонымен қатар кез келген салада кәсіпкерлікті құру мен дамыту үшін сапты алынатын франшизаны 70 пайызға дейін кепілдендіру көзделген. «Даму» Қоры арқылы енгізілетін тағы бір құрал – ұсақ қаржыландыру. Яғни, екінші деңгейлі банктерге ұсақ қаржыландыру ұйымдарын қорландыру бағдарламасы. Бұл Астана, Алматы қалалары мен облыс орталықтарынан шалғайда жұмыс істейтін кәсіпкерлердің жеңілдетілген қаржы алуына мүмкіндік береді.

«Даму» Қоры сонымен қатар Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау үшін исламдық қаржыландыру жүйесін пайдалануды пысықтауда. Қазіргі уақытта

халықаралық ислам қаржы институттарынан қаржы тартуға жағдай жасау үшін ҚР Ұлттық Банкі және мемлекеттік органдармен бірлесіп заңнамалық құжаттар жетілдірілуде. Мәселен, Малайзия мен араб елдері қазақстандық жобаларға қаржы салуға қызығушылық танытып отыр.

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға қаржылай көмек көрсетуді жеделдету үшін, «Даму» қоры шағын және орта кәсіпкерлікті бағалаудың рейтингтік жүйесін жетілдіруді ұсынды. Ләззат Ибрагимованың айтуынша, «Кәсіпкерлердің екінші деңгейлі банктерден несиеленуі үшін несиелендіру комитеттеріне бару қажеттілігінен созылып кетеді. Әйтсе де әлемдік тәжірибеде клиент кейбір көрсеткіштерімен бағаланып, саласының сипаттамасымен салыстырылады, дефолт деңгейіне орай – бұл клиентке несиелену

мен қатар «Даму» Қоры «шағын және орта кәсіпкерлік» түсінігінің барлық сипаттамаларын бір қорытындыға келтіруді ұсынады. Ләззат Ибрагимованың айтуынша, шағын және орта кәсіпкерлік бағдарламасын қолдаудың тиімділігін арттырады. Ал клиенттерге несиеленуі жеңілдетеді. ШОК-ты қаржыландыруды жетілдірудің өзге де амалдары ретінде, Қор басшысы несиелендіру менеджерлерін оқыту тәжірибелері мен сертификаттау керектігін атап өтті. Оның пікірінше, бұл тәсіл кәсіпкерлерге қарыз алуға ұсынылған жоба сараптамаларын сапалырақ жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мемлекеттік бағдарлама шарттарын қайталанған, бір-біріне кереғар шарттарды анықтап, алып тастау арқылы «түгендеу» енгізуді ұсынады.

## Корей тәжірибесі

«Кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндіктер» атты панельдік сессияда Оңтүстік Корей елінің стартап жобаларын кепілдендіру мен қаржыландырудағы тәжірибесі тыңдалды. «KODIT» Корей несиелендіру

бар болғаны 13 мың қарыз берілді. Сонымен бірге Корейде 51,4 млн халық тұрады, ал Қазақстанда – 17,4 млн ғана. Яғни тұрғындар саны Корейден 3 есе аз. Ал қарызға берілген ақша – 44 есе төмен! Бұл – қазақстандық компанияларға айналым капиталы жетіспейді деген сөз. Әрі қазақстандық банктер жүйесі экономиканың нақты секторларын несиелендіруді толық деңгейде жүргізе алмайды. «Даму» қоры Корейнің «KODIT» несиелендіру қорымен бірнеше жылдан бері жұмыс істеп, ШОК жетілдіру жұмыстарында өзара тәжірибе алмасып келеді.

Еуропалық қайта құру және даму банкінің Қазақстан мен Моңғолиядағы шағын кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасының аймақтық басшысы Хольгер Вифельдің мәлімдеуінше, ЕҚҚДБ инвестициялық қаржыландыру мен кеңестер беру үшін 2015 жылы Қазақстандағы моноқалалар мен ауылдық аймақтарда жобаларды жүзеге асыруды жоспарлайды. «Біздің банктің Қазақстанмен бірлесіп жұмыс істеуінде басымдық шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға беріледі», – деді Хольгер Вифель. Жақында ЕҚҚДБ қорынан елдегі әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға (\$20 млн) және ұсақ шағын және орта кәсіпкерлікті жүзеге асыру үшін жобаларды несиелендіруге (\$50 млн.) қаржы бөлуге уағдаластық. Сондай-ақ ЕҚҚДБ 2001 жылдан Қазақстанның шағын және орта кәсіпкерлігіне бизнес-кеңестер алу үшін қаржылай көмек көрсетіп келеді.

Бүгінде несиеленуі бастауға ұмтылған кәсіпкер «Бизнес-Кенесші» немесе «Жас кәсіпкер мектебі» жобалары бойынша оқудан өткендігі туралы сертификатының, сондай-ақ өткізілген оқу бойынша тестілеу нәтижесін растайтын құжатының болуы тиіс. Егер де кәсіпкер «Бизнес-Кенесші» жобасы шеңберіндегі «Кәсіпкерліктің жедел-курстары» атты әдістемелік құралын өз бетінше оқыған жағдайда, оқу бойынша тестілеудің нәтижесін дәлелдейтін құжатты банкке ұсынуы қажет. Бұл құжатты «Даму» Қорының аймақтық филиалы береді.

*«Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Даму» қоры 2,1 трлн теңге сомаға 20 мың жобаға қаржылай қолдау көрсеткен. Сондай-ақ, 55 мың клиент қаржылай емес қолдаумен қамтылған. 112 млрд теңге көлемінде салық төленіп, 183 мың жұмыс орны пайда болды. 5 210 компания сыйақы мөлшерлемесімен субсидия алды. 94,2 млрд теңге қайтарымсыз субсидия төленіп, 2010 жылдан «Даму» қоры кәсіпкерлерге 840 кепілдеме бергенін атап айтуға болады. Соның 500-ден астамы 2014 жылы берілді. Осылайша «Даму» Қоры 2014 жылы өз кепілдігімен елдегі барлық берілген несиелердің 5 пайызын, басым секторлардың 20 пайызға жуығын жапты.*

керек пе, жоқ па деген байлам жасалады. Қазақстандық тәжірибеде банктер тек жеке кәсіпкерлерге ғана қаржы береді. Яғни, егер сіздің жалақыңыз тұрақты болса, сіз уақтылы коммуналдық төлемдерді төлеп тұрсаңыз, тағы сол сияқтылар, сонда сізге өте қысқа мерзімге несиелену береді. Ал шағын және орта кәсіпкерлер үшін мұндай жүйе жоқ. Соны-

қорының бас атқарушы директоры Бо Гён Лидің сөзінше, «KODIT» қоры корей еліндегі әрбір төртінші несиеленушіге кепілдік береді. Ескере кететіні, Оңтүстік Корейде жылына 800 мың қарыз берілсе, «KODIT» соның 200 мың несиеленушісін кепілдендіреді. Оның мәліметінше, «Қазақстанда ШОК саласында – 57 мың қарызгер бар. 2014 жылы

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Президент аграрлық саланың алға баспауына қапалы

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Астанада өткен Шетелдік инвесторлар кеңесінде еліміздегі аграрлық сектордың жағдайына көңілі толмайтынын ашық айтты.

– Аграрлық сектор біздің ел үшін дәстүрлі мәнге ие. Бұл біздің халықты жұмыспен қамтып отырған үлкен сала және экономиканы әртараптандыратын негізгі экономикалық қайнар көздің бірі. Ауыл шаруашылығы негізінен тікелей инвестицияның арқасында өсіп, қуаттанды. Сіздер айтып отырған ғылыми-техникалық прогрестің жаңа тәсілдерін игеру бойынша ұсыныстар, әсіресе нүктелі егіншілікпен мұнда әлі ешкім айналысқан жоқ. Сондықтан мен бұл туралы ойлаймын, біздің экономикамыздың ірі секторының бүгінгі таңда нашар жағдайға болғаны үшін қапаланамын. Ол жақта біздің халықтың 40 пайызы тұрады және 22 пайызы ауыл шаруашылығында жұмыс істейді. Кенттену үдерісінің бояулығын сіздер көріп отырсыздар және біз бұған асықпаймыз, – деді Н.Назарбаев Шетелдік инвесторлар кеңесінің отырысында.

Елбасының мәліметінше, Қазақстан әлем бойынша ауыл шаруашылығын дамытуға қолайлы жағдай жасалған елдердің бірі, ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жердің аумағы 215 миллион гектарға тең. Бұл әлемдік ресурстың 4 пайызынан жоғары. Австралиямен және Канадамен қатар Қазақстан әлем бойынша жан басына шаққандағы есеппен егіндік аумағы бойынша алдыңғы қатардағы елдердің сапында. «Табиғи климаттық зоналардың



әр түрлілігі мен табиғи жер қыртысы біздің түрлі бағытта бәсекеге қабілетті болуымызға жол ашады. Бидай, күріш, майлы және мал азығы дақылдарын, ет пен сүт бағытында өнім өндіруге болады», – деді Н.Назарбаев.

Президенттің айтуынша, жыл сайын Орта Азия мен Еуропа елдеріне 8-10 миллион тоннаға дейін бидай экспортталады. «Кенес заманында біз туралы армандай да алмайтынбыз. Бидай әркез жетіспейтін, алайда кей кездері қазіргіден көп өндірілетін. Жалпы алғанда қазақстандық экспорттың географиясына 70 ел кіреді», – деді Президент.

## Теңгеге сенеміз бе?

ҚР Ұлттық банкінің баспасөз қызметінің айтуынша елімізде ақшасын теңгемен сақтайтындар азайып келеді екен.

Биылғы сәуір айының соңындағы жағдай бойынша, халықтың банктердегі салымдары (бейрезиденттерді қоса алғанда) 4 297,1 миллиард теңге болған. Халық салымдарының құрылымында теңгемен салынған депозиттер – 1 324,9 миллиард теңге, ал шетел валютасындағы депозиттер – 2 972,2 миллиард теңге болды. Демек, халық салымдарының құрылымында теңгемен салынған депозиттердің үлес салмағы – 30,8 пайыз.

Жыл басында Ұлттық банк басшысы Қайрат Келімбетов халықтың ұлттық валютаға деген сенімін арттыру үшін жасалатын шаралар туралы айтқан болатын. Оның айтуынша, 2014 жылдың соңындағы Үкімет пен Ұлттық банктің бірлескен мәлімдемесінде депозит салымшыларының 10 миллион теңгеге дейінгі жинағына мемлекет кепілдік

беретінін айтақан еді.

«Мерзімді депозиттер 7 769,7 миллиард теңге болды. Мерзімді депозиттердің құрамында теңгемен салынған депозиттер 3 097,2 миллиард теңгені, шетел валютасындағы депозиттер 4 672,5 миллиард теңгені құрады. 2015 жылғы сәуірде банктік емес заңды тұлғалардың теңгемен салынған мерзімді депозиттерінің орташа алынған мөлшерлемесі 10,7 пайыз, ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша 8,2 пайыз болды», – дейді баспасөз қызметіндегілер.



# Аймақта жемқорлық тыұлымай тұр

Аймақтардағы кейбір шенеуніктер қылмыстық схемаларды жасауды жалғастырып жатыр. Мемлекеттік органдардың кейбір басшылары жүйелі негізде 10 мыңнан 200 мың теңгеге дейін пара алады, олар тіпті жанармай талоны түріндегі парадан жиренбейтінін ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің антикоррупциялық қызметтің сотқа дейінгі тергеу департаменті басшысының орынбасары Есқали Саламатов мәлім етті.

Ол облыс басшыларының «қызметтік жағдайын пайдаланып, қол астындағыларды тарту арқылы қылмыстық схемаларды материалдық түрде баю үшін жасап жатқан» жағдайын мысалға келтірді. Мәселен, Ақтөбе облысында облыстық қаржылық бақылау инспекциясының басшысы және оның орынбасары жағымды бақылау актісін толтыру үшін тексерілетін нысандардың жұмысшыларынан жүйелі негізде 10 мыңнан 100 мыңға дейін пара және жанармайға талон алып отырған. Бұл іс сотқа жолдапты.

– Антикоррупциялық қызметтің тәжірибесі кейбір өңірлерде тұрақты мәнге ие жемқорлық жүйелердің жалғасып жатқанын көрсетіп берді, – деді Е.Саламатов Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қоғамдық кеңесінің отырысы кезінде.

110 мың теңгеге дейін пара алудың осындай схемасы Қызылорда облысында да ашылған. Онда облыстық қаржылық бақылау инспекциясы басшысының орынбасары жауапқа тартылуда. Алматы облысында индустриалдық даму және өнеркәсіп қауіпсіздік департаментінің басшысы мен бөлім басшысы ұсталған. Олар қауіпті техникалық құралдарды есептен шығару мен қою үшін кәсіпкерлерден 50 мыңнан 200 мыңға дейін пара алған. Алдын ала есептеулер бойынша, басшының ай сайынғы қылмыстық табысы 3 миллион теңге болған.

Батыс Қазақстан облысында облыстық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің басшысына және облыстық аймақтық орман шаруашылығы және жануарлар әлемі инспекциясының

орынбасарына кәсіпкерлерден алған сомаларының еселік мөлшеріндегі айыппұл салынды. Қызылорда облысында мемлекеттік сатып алулар бойынша конкурста жеңіске жеткізгені үшін 300 мың теңге пара алған облыстық аймақтық агроөнеркәсіп кешенінің басшысы мен оның орынбасарының ісі сотқа жолданды.

– Оңтүстік Қазақстан облысында орта мектеп мұғалімдерінің аттестациядан өтуі үшін жүйелі түрде пара бопсалаумен айналысқан білім беру саласындағы бақылау жөніндегі облыстық департаменттің басшысының қамауға алынуынан кейін бір апта өткенде Шымкенттің білім беру бөлімінің басшысының орынбасары ұсталды, ол мемлекеттік сатып алулар конкурсында жеңіске жеткізу үшін алаяқтық жолмен 1,5 миллион теңге көлеміндегі сыйақыны заңсыз алған, – деді спикер.

Сонымен қатар, Павлодар облысында бюджет қаражатын жымқырғаны үшін облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы, жастар саясаты мәселесі жөніндегі облыстық басқарманың директоры сотқа берілді. Тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі облыстық департаменттің басшысы, Павлодардың төтенше жағдайдар жөніндегі басқарма басшысы, Баянауыл ұлттық табиғи саябағының директоры пара алғаны үшін жауапқа тартылды.



## ЖАНАРМАЙ БАҒАСЫ НЕГЕ КӨТЕРІЛДІ?

Парламент Мәжілісінің депутаты Николай Логутов Энергетика министрлігінің басшылығын жауапқа тартып, жанар-жағармай бағасының жақында қандай себеппен көтерілгені туралы түсінік беруді талап етті.

– ҚР Энергетика министрлігінің әлемдік мұнай бағасының төмендеуіне байланысты отын түрінің барлығын арзандатуы көңілге қонымды болды. Айта кету керек, АИ-92 маркалы бензиннің бағасы 108-ден 99 теңгеге түсті, алайда ол кезде мұнай баррелінің бағасы 60-62 доллар болған еді. Бұдан кейін мұнайдың бағасы тағы төмендеді, бірақ бензиннің бағасы сол 99 теңге күйінде қалды. Биыл 26 мамырда



министрлік менің ойымша, негізсіз түрде бензиннің бағасын тағы 108 теңгеге қымбаттатты. Ол мұнай бағасының қымбаттауымен түсіндірілді. Бірақ ол тағы 60-62 доллар тұрады, – деді депутат Николай Логутов Энергетика министрлігінің басшысына Қазақстан үкіметінің барлық мүшесі қатысқан төменгі палатаның кеңейтілген отырысында.

– Өздеріңіз білесіздер, өткен жылы және осы қыста жанармайдың әлеуметтік түрінің бағасы үш рет төмендетілді. Сонымен қатар, ортақ Еуразиялық нарық пен шекараның ашық болуы елден жанар-жағармайдың жылыстауын болдырмаудың және келісілген көлемде үздіксіз жанар-жағармаймен қамтамасыз ететін республиканың жанармай құю бекеттерінде бөлшек сауда бағасын қолайлы деңгейде қалыптастыру шараларын қолға алуға әкеп соқтырады. Бөлшек сауда бағасын мұнай бағасымен және бренд сортына байланысты есептеу ережелеріне сәйкес, шекті баға бекітілді – 108 теңге, ол қазіргі таңда қолданыста және аяқталмаған өндіріс тұрақты жұмыспен қамтылды, сонымен қатар, іргелес елдерге қазақстандық арзан жанар-жағармайды шығару тоқтатылды, – деп жауап берді сұраққа ҚР Энергетика министрінің бірінші орынбасары Ұзақбай Қарабалин. Ол жанар-жағармайдың шекті бағасын белгілеуге арналған есептеудің нақты нәтижелері мен ережелерін кейінірек депутаттарға беруді уәде етті.

Еске сала кетейік, биыл 26 мамырда Қазақстанда АИ-92 маркалы бензиннің бағасы 108 теңге болып белгіленді. Осыдан кейін Парламент Мәжілісі төрағасының орынбасары Дариға Назарбаева мұнай-газ секторын дамыту проблемалары мен перспективалары деген тақырып бойынша өткен парламенттік тыңдауды қорытындылау барысында жыл сайын күзде болатын бензин тапшылығы ажиотажы қайталана ма деген алаңдаушылығын жеткізген еді.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Қытай елімізге 30 млрд доллар инвестиция салмақ

Қытай қаржыгерлері Қазақстанды жарылқамақ. 2020 жылға дейін көрші ел инвесторлары 30 млрд доллар көлемінде инвестиция құю жоспарлануда. Ақшаның дені инфрақұрылымдық жобаларды ілгерілетуге жұмсалады. Газ-мұнай өндіру саласында жұмыс істейтін Қытай компаниясы еліміздің нарығында 5 жыл бұрын пайда болды. Осы мерзім ішінде табыс көлемі екі есе өсіп, жұмыс орны да көбейген. Еліміз бойынша Алматы, Астана, Ақтау және Қызылорда қалаларында бөлімшелер ашылған.

Оларда 600-ден аса адам қызмет етеді. Компания басшысы бұл жетістікпен тоқтамақ емес, керісінше алдағы уақытта әріптес ұйымдарға миллиондаған доллар қаражат құюды көздеп отыр. «Petroleum» компаниясы негізінен мұнай саласы бойынша жұмыс істейді. Біз бірнеше жобаларды табысты жүзеге асырудамыз. Биыл тағы бір ауқымды жобаны қолға алмақпыз, қазір ол жан-жақты талқылануда», – деді «GEO-Jade Petroleum» компаниясының президенті Джоз Нинг.

Жалпы жыл өткен сайын Қытай инвесторлары тарапынан Қазақстан экономикасына қызығушылық артуда. Алдағы 5 жылда олар 48 жобаға 30 млрд АҚШ долларын құюға бекініп отыр. Бұл жобалар тау-металлургия, химия өнеркәсібі, машина жасау

және құрылыс материалдарын өндіру салаларымен тығыз байланысты. Қытай тарапы, әсіресе бірлескен ұшақ шығару кәсіпорнын ашу, технопарктер құру және алыс-жақын арақашықтағы әуетасымалы қызметін жандандыруға ынталы. «Ал қаражаттың басым бөлігі «Нұрлы жол» бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталмақ.

Айта кетсек, Орталық, Оңтүстік, Орталық Батыс, Орталық Шығыс жолдарын салу, сондай ақ «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» дәлізін 2016 жылы толықтай іске қосу жоспарланып отыр. «Нұрлы жол» бағдарламасының аясында Қазақстан бойынша үлкен жобаларды іске асыру жоспарланған. Енді тікелей Қытайға келетін болсақ, былтыр Қытаймен ұлттық оператор құрылған еді.



Соған байланысты «Эксим банкпен» бірге жолға инвестиция тарту көзделіп отыр», – деді ҚР Инвестиция және даму министрінің кеңесшісі Замир Сағынов. 2005-2014 жылдар аралығында Қытайдан Қазақстан экономикасына тікелей құйылған инвестициялар

ағыны 13 млрд АҚШ долларын құраған. Ал, осы мерзім арасында елімізден Қытайға салынған инвестиция 345 млн АҚШ долларына жеткен. Қазақстанда жұмыс істеп жатқан аспан асты елінің компанияларының саны 600-ге жетіп жығылады.

## Автокөлік өндірісі бәсеңсіді



Қазақстанда автокөлік өндірісінің көлемі азайып келеді деп хабарлайды LS. Өндіруші зауыттардан алынған мәліметтерге сүйенсек, 2015 жылдың 1-тоқсанында «СарыарқаАвтоПром» өндірісінде 447 автокөлік құрастырған. Өткен жылдың 1-тоқсанында 157 автокөлік жиналған болатын. «АгромашХолдинг» болса 718 автокөлік шығарды. Өткен жылы ол көрсеткіш 1135 болған еді. 2015 жылдың алғашқы үш айында Семейлік СемАЗ 481 дана техника шығарған. Өткен жылмен салыстырғанда, өндіріс артқан – 253 автокөлік шыққан еді.

«АЗИЯ-AВТО» 2015 жылдың қаңтар-наурызында өндіріс көлемі 4381 автокөлікті құраған. Жалпы сомасы – 20,8 млрд теңге немесе 112,6 млн доллар. 2014 жылдың қаңтар-наурызымен салыстырғанда, авто өндірісі 47 пайызға төмендеген. Hyundai Trans Auto зауыты 56 дана автокөлік техникасын құрастырған. 2014 жылдың 1-тоқсанында бұл көрсеткіш 252 дана болған. Өндіріс көлемінің азаюын компания ҚР-да сұраныстың төмендеп кетуімен түсіндірді. Отандық автоөндірістің қатысушыларының ішінде Көкшетаудағы қазақстан және

ресейлік «КАМАЗ-Инжиниринг» зауыты да бар.

Кәсіпорын самосвалдар мен вахталық автобустар шығарумен айналысады. Қазақстандық автомобиль өнеркәсібінің қысқаруына Ресейден жаппай көлік әкелу себеп. 2015 жылдың 1-тоқсанында Ресейден Қазақстанға 30 000-ға жуық автокөлік әкелінген. Рубль курсының төмендеуіне байланысты жаппай көлік әкелу артты. Қазақстандық автобизнесінің автомобильдік қауымдастығының берген мәліметіне орай, 2015 жылдың 1-тоқсанында ресми дилерлер 2681 отандық өндірушілердің

көлігін сатқан. Жалпы сома – 65,5 млн доллар. Жылдық көрсеткіш бойынша салыстырар болсақ, қазақстандық авто сатылымы 62,31 пайызға азайған.

Осы ретте жыл басынан отандық жеңіл автокөліктердің бағасы 9,17 пайызға арзанды. 2015 жылдың алғашқы тоқсанында 552,8 млн долларға 25 385 жаңа автокөлік сатылды. Өткен жылдың алғашқы тоқсанымен салыстырғанда 27,3 пайыз түсім байқалып отыр. (2014 жылы 34 904 автокөлік сатылған) Өткенде Астанадағы брифинг барысында инвестициялар және даму жөніндегі вице-министр Альберт Рау отандық автокөліктер өндірісі кем дегенде 20 мың данаға жетеді деген болатын. А.Раудың айтуынша, қазақстандық автокөлік өндірісіне ағымдағы жылдың басы аздап қиындық туындатты. «Расын айтар болсақ, ағымдағы жылдың алғашқы тоқсаны түгелімен оңай болмады. Мұны Еуразиялық экономикалық одақтың алғашқы сынақтарының бірі деп қарастыруға болады. Үкімет жоспар жасады және біз қорытынды жасасақ болады», – дейді А.Рау.

## Көлік алуға бөлінген несиенің 40% игерілді

Екінші деңгейлі банктер жеңілдетілген автонесиелендіру бағдарламасына бөлінген қаражаттың 40%-ына несиелер беріп үлгерген. Бұл туралы сейсенбі күні Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Қазақстанның даму банкі» АҚ басқарма төрағасы Болат Жәмішев хабарлады.

– Автонесиелендіру – біздің азаматтар айрықша қызықтырды. Бұл бағдарлама бойынша қаражат белсенді түрде игеріліп жатқанын айтқым келеді. Бүгінгі таңда Қазақстанның даму банкі 5 млрд 682 млн теңгеге 1757 қарызды мақұлдады. Біз нақты борышкерлердің қарыздарын мақұлдамаймыз, біз екінші деңгейлі банктердің шешімдерін мақұлдаймыз, әрине олар бағдарлама шарттарына сәйкес болуы тиіс. Бұл бөлінген соманың 40 пайызын құрауы тиіс, – деді Б.Жәмішев. Бұл ретте ҚДБ басшысы қазіргі уақытқа дейін осы бағдарламаның операторы ретінде банк тарапынан қабылданбаған өтінімдер жоқ екенін айтты. «Біз қабылдамай қойған күннің өзінде, біз қазақстандықтардың өтінімін емес, дұрыс ресімделмеген банк өтінімін қабылдамаймыз», –

деп нақтылады ол. Сондымен қатар Б.Жәмішев коммерциялық банктердің бір де бірі осы автонесиелендіру түрі бойынша өтінімдерді қабылдауды тоқтатпағанына назар аударды.

«Екі банк – Еуразиялық банк пен Сбербанк «Азия авто» өтінімдерін жинап алды деген ақпарат тараған болатын. Бұл ретте олар өтінімдерді жинауды бағдарлама іске қосылғанға дейін бастап кеткен. Әрине, егер олар бағдарлама іске қосылғанға дейін «Азия авто» дилерлерімен жұмыс істеп бастаса, демек олардың алға шығып кеткені де түсінікті жайт. Бірақ бізде бар ақпаратқа сүйенсек, олар өздерінің басқа екі өндірушіге тиесілі лимиттерін әлі толықтай өтеген жоқ. Сондықтан бағдарламаға барлық банктер қатысып жатыр деуге болады», – деп қорытындылады Б.Жәмішев.



жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Ақылы жолдар анықталды

Инфрақұрылымдық дамудың 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» Мемлекеттік бағдарламасы аясында көлік инфрақұрылымын ауқымды модернизациялау жүріп жатқаны белгілі. Осы негізде елімізде «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» автодәлізі бойынша бірнеше бағыттағы жолдарды ақылы етпек.



Бұл туралы бүгін президент жанындағы ОКҚ-де өткен брифинг барысында автокөлік жолдары комитетінің төрағасы Мереке Пшембаев хабарлады.

– «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» автодәлізі бойынша ақылы жолдарды енгізуді көздеп отырмыз. Алдағы уақытта Қызылорда мен Шымкент, Астана мен Атбасар арасындағы жолдарды ақылы ету жоспарлануда. Төлем 1 сынып категориялары бойынша нақтыланып отыр. 2 сынып категориясы бойынша жүк көліктері бар. Бұдан өзге жергілікті аймақ тұрғындары бұл төлемнен босатылып, жылына 1 мың теңге көлемінде ғана ақы төлейтін болады, – деп атап өтті комитет төрағасы. Естеріңізге сала кетсек, 2010-2014 жылдарға арналған Қазақстанның үдемелі индустриалдық-инновациялық дамуы бағдарламасы бойынша «Астана-Бурабай» бағытынан бөлек «Астана – Қарағанды», «Алматы – Қорғас», «Ташкент – Шымкент» (Жамбыл облысының шекарасы), «Алматы – Қапшағай»,

«Орал – Каменка» (Ресей шекарасы) жолдары да ақылы болуға тиіс.

Қазақстандағы жол ақысы өзге елдерге қарағанда әлдеқайда арзан екендігін де еске салған комитет төрағасының сөзінше, ел аумағындағы транзиттік мақсатта жүретін көліктердің белгілі бір деңгейде жолға шығын келтіруі және жолды күтіп-баптау жұмыстары үшін жолдар ақылы мақсатта пайдаланылып отыр.

– 220 километрлік «Астана-Бурабай» бағытындағы ақылы жол алғашқы жобалардың бірі болатын. Аумақтағы жол ақысы әрбір шақырымына 1 теңгеден есептелген. Мысалы Ресейде 13 теңге болса, Испанияда 17 теңге. Сондықтан біздің елімізде ақылы жол бағасы біршама арзан, – дейді комитет төрағасы Пшембаев.

Ақылы жолдар іс-тәжірибесі елімізде тұңғыш рет енгізіліп отырғаны белгілі. Сондықтан бұл бағытта қарапайым халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізудің де маңызы зор екенін ұмытпаған жөн.

# ДАМУ АЛДЫНДАҒЫ ТЫНЫШТЫҚ

## Метал бағасы қалыпқа түсті

Дүниежүзілік тауар биржаларындағы фьючерстік сатылымдарда мұндай байқалмаған соң әлемдік экономиканың жылдық сұлбасы түңілткендей болып еді. Тек кейінгі кезде ғана біздің бұл күдігіміз сейілгендей. Темір тектілерден басқа өндірістік металдар бағасы, атап айтар болсақ, біз экспорттайтын мыс, мырыш, цинк, қалайы, қорғасын, молибден және басқа металдар бағасы бір аптаның ішінде ғана бағасын 7-8 пайызға өсіп шыға келді. Бұл осы уақытқа дейін бағасын шамамен 25 пайызға түсірген металдар тобына жатады. Демек, қазіргі таңда дүниежүзі үшін өндірістік экономикада аса қолайлы болған 2008 жылға дейінгімен салыстырғанда бұл металдардың бағасы бар болғаны 17 пайызға ғана төмендегенін байқаймыз. Мұның өзі есептей берсек өндірістік экономика металды пайдалануды былтырғыға қарағанда 7 пайызға артқанын білдіреді. Қуантатын тұс та осы. Өйткені біздің экономикамыз бен экспорттымызда өндірістік металдар көмірсутектерінен кейінгі екінші орынды иемденетін шикізат. Ал ол шикізатты өндіру саласында жүздеген мың адам күнін көріп отыр. Бүгінде қазақстандықтардың орташа жалақысы 118 мың теңге делініп жүр. Міне, осынау көрсеткішті қамтамасыз етіп тұрған негізгі күш көмірсутектер саласы. Одан кейінгі орында металлургия тұр. Қысқасы, жоғары жалақы алатын қандастарымыз еңбек етіп жүрген бұл салаға енді сыртқы кері әсердің қысымы аз болмақ.

## Ресей мен Қытай

Әлемдік биржалардағы бағаға қатысты экономикалық жағдайдың болмыс-бітімі осындай ақиқатқа ие. Енді бұл қалай қамтамасыз етілді, деген сұраққа жауап іздер болсақ, онда арасында біздің Қазақстан да жүрген қарқынды дамушы елдерде жасалып, жүзеге асырылып жатқан соңғы бағдарламалардың

Жыл басынан бері бізді ерекше алаңдатқан тұс әлемдік биржалардағы тауар бағасының ұдайы төмендеуге ұмтылысы еді. Өйткені біз дәл қазіргі таңда осы мәселеге тікелей тәуелдіміз. Мұның басты себебі өндірісіміз бен экспорттымызда шикізат сүбелі үлеске ие. Әсіресе, көмірсутектерінің бағасы бізге ерекше әсер етеді. Ол төмендесе, қысыламыз, жоғарыласа жақсы тыныстаймыз. Өткен жылдың соңында мұнай бағасы барреліне 45 долларға түскенде жағдайдың қалай болғаны белгілі ғой.



бергені деуге болатын шығар. Бұлай дейтін себебіміз соңғы мәліметтерге сүйенсек, дүниежүзі бойынша, қымбат

бағалы, ұзақ мерзім тұтынатын тауарлар өндірісі өсе қойған жоқ. Яғни автокөлік, тұрмыстық-электрондық техника өндірісі

*Қазіргі таңда дүниежүзі үшін өндірістік экономикада аса қолайлы болған 2008 жылға дейінгімен салыстырғанда бұл металдардың бағасы бар болғаны 17 пайызға ғана төмендегенін байқаймыз. Мұның өзі есептей берсек өндірістік экономика металды пайдалануды былтырғыға қарағанда 7 пайызға артқанын білдіреді. Қуантатын тұс та осы. Өйткені біздің экономикамыз бен экспорттымызда өндірістік металдар көмірсутектерінен кейінгі екінші орынды иемденетін шикізат. Ал ол шикізатты өндіру саласында жүздеген мың адам күнін көріп отыр. Бүгінде қазақстандықтардың орташа жалақысы 118 мың теңге делініп жүр. Міне, осынау көрсеткішті қамтамасыз етіп тұрған негізгі күш көмірсутектер саласы.*

керісінше, кеміп барады. Бар-жоғы авиация өндірісі ғана даму қарқынын көрсетіп тұр. Соған орай бұл салада пайдаланылатын алюминий бағасын өсірген. Ал металл пайдаланатын қалған байырғы өндірісте өсім тіркелмеген. Демек, жергілікті және аймақтық жаңа бағдарламалар металға сұранысты өсіріп шыққан. Атап айтар болсақ, бұл күндері әлемнің екінші экономикасы Қытай негізінен ішкі базар сұранысына жұмыс істеп жатыр. Байланыс, коммуникация саласына бұл елде ерекше көңіл бөлінген. Тасымал инфрақұрылымын дамыту да бағдарламаның басты саласына айналды. Іргедегі екінші алып Ресей Федерациясы да тасымал, байланыс, коммуникация саласын дамытуға, аэроғарыш бағдарламасын жүзеге асыруға жұмыс істеп жатыр. Бұл салалардың қай-қайсысы да өндірістік металдарға сұранысты арттырады. Енді біздің Қазақстан жағдайын көзге елестетсек, онда да осы үрдіс бар екенін көресіз. Ал Қазақстанда жүзеге асырылатын жобалардың барлығы дерлік өндірістік металдарға тапсырыс берушілер. Қысқасы, өндірген металымыздың басым бөлігін ішкі базар сұранысын қанағаттандыруға жұмсап жатырмыз. Бұл өз кезегінде металлургия саласындағылар үшін де пайдалы.

Жоғарыда айтылғандардан шығатын бір қорытынды бар, ол – әлем үлкен бәсекеге тақап қалды деген сөз. Иә, шамамен осы онжылдықтың аяғына қарай әлемдік үлкен бәсеке басталады. Оған дейін әлемдік бүгінгі алпауыт брэндтер шығаратындардың біразы «құрдымға кетуі» мүмкін. Ал қалғандары келешектің алпауыттарымен күреске шығады. Қайсысы жеңімпаз болатынын уақыт көрсетер. Ең бастысы, болашаққа қызмет ететін жобаны таңдауда қателеспегендер ғана ұтады. Бүгін осы сала тізгінін ұстаған азаматтарымыздың отаншылдығын айқындайтын тұс сонда келеді. Осыны түсініп жұмыс істей алсақ, ұтылмаспыз.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Қаржының игерілуі талқыға түсті



ҚДБ желісі бойынша инвестициялық жобаларды ұзақ мерзімді жеңілдікті несиелеу келесі шарттарда жүзеге асырылады: номиналды сыйақы ставкасы – жылдық 6 пайыздан артық емес, несиелеу мерзімі – 10 жылға дейін, негізгі борышты өтеу бойынша жеңілдікті мерзім – 24 ай, бір заемшыны қаржыландыру шегі – 200 млн. теңгеден 5 млрд. теңгеге дейін. 2014 жылдың желтоқсанында ҚДБ 50 млрд. теңге мөлшерінде

Таяуда ҚР Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев Ұлттық қордан бөлінген қаржыларды игеру мәселесі бойынша кеңес өткізді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, Қазақстанның Даму банкі (ҚДБ) мен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорына Ұлттық қордан өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсету үшін қаржы бөлінгені белгілі.

бірінші траншты бөлді. Үстіміздегі жылдың наурызында банк тағы да 50 млрд. теңге алған. 4 маусымға қарасты жалпы сомасы 46 млрд. 442,3 млн. теңге болатын ірі кәсіпкерлік субъектілерінің 39 жобасына қолдау көрсетілді. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері «Даму» қоры арқылы келесі шарттар бойынша жеңілдікті несиелеуге ие болады: номиналды сыйақы ставкасы – жылдық 6 пайыздан артық емес, несиелік желі бойынша қолжетімділік мерзімі – бір жылға дейін, бір заемшыға шектеудің ең

жоғарғы шегі – 1 850 млн. теңге. Өткен жылы қорға бөлінген 50 млрд. теңге мен наурыз айында бөлінген 50 млрд. теңгеге өңдеу өнеркәсібі мен қызмет көрсету саласындағы ШОБ субъектілерінің жалпы сомасы 80 750 млн. теңге болатын 425 жобасы қолдау тапты. Кеңес қорытындысы бойынша «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингіне, «Даму» қорына және ҚДБ-ға банктермен бірлесе отырып, Ұлттық қор қаржыларын игеру бойынша жұмыстардың белсенділігін арттыру тапсырылды.

## Кімдер бір жарым миллион жалақы алады?

Парламент Мәжілісінің 2014 жылғы республикалық бюджетті орындау туралы Қазақстан үкіметі мен Есеп комитетінің есебі талқыланған кеңейтілген отырысында депутат Мұхтар Тінікеев ұлттық компания қызметкерлерін «байғұстар» мен «түкке тұрмайтындар» деп атады.

– Ұлттық компанияларда жалақының жоғары болуы, ол жерде жоғары санатты мамандар жұмыс істейді деп қалай сендіруге болады, – деді депутат М.Тінікеев Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаевқа.

«Сіз өзіңіз сол жерде болдыңыз ба? Ол жерде кімдердің жұмыс істейтінін білесіз. «Болашақтың» кешегі түлегі, жақын туыстары тағысына тағы, оларға тіпті World Class бассейні төленеді. Байғұстар, бір жарым миллион жалақы алып, көп жұмыс істеп қойыпты. Айтпақшы, Президент тапсырма берді емес пе, қарап, түкке тұрмайтын қызметкерлерді қысқарту туралы», – деп еске салды Мұхтар Тінікеев.

# БӨДЕНЕ БИЗНЕСІ ДАМУДА

## Әуестіктен басталған бизнес

«Біз бұл шаруаны ақша табу үшін қолға алғанымыз жоқ. Өзіміздің қызығушылығымыз болды. Өткен жылдың қыркүйек айында Кирилл 200 бөдене сатып алады. Сосын біз балапан шығаратын жұмыртқалар сатып алдық. Бірте-бірте іс оңға баса бастады. Тіпті біз үшін қызық енді басталды. Жас балапандарды өсіріп, құстың санын арттыра түстік», – дейді кәсіпкер Семен Блинецкий.

Кәсіпкерлер құс өсіретін тор, инкубатор, басқа да қосымша құрал-жабдықтарды Қытайдан алғызған. Ферма өз базаларының аумағында орналасқан. Сондықтан кәсіпкерлер ғимаратты жалға алуға қаржы шығындаған. Бір қызығы, бар болғаны 9 айдың ішінде бөдене фермасындағы құс саны 200-ден 2,5 мыңға жетті. Ферманың мүмкіндігі 7 мың құс өсіруге дейін жетеді.

– Ерекше қиындық тудырған мәселе болған жоқ. Былайша алып қарағанда, бәрі қарапайым ғана, көптің қолынан келетін істер. Біз өзімізге керектің бәрін интернеттен таптық. Ең бастысы – жұмысты үйлестіру. Өзіміздің негізгі жұмысымызға бұл кедергі жасамайды. Бөденелерге күнделікті небары 3 сағатымызды арнаймыз. Өзімізден басқа екі кісі құстарды күтіп-баптаумен айналысады.

Ақтөбелік кәсіпкерлерді қинап тұрған бір мәселе – бұл өңірде бөденелерге арналған арнайы жемнің жоқтығы. Олар жемді көршілес Ресей елінен тасып әкелуде. Кәсіпкерлер әзірге бөдене өсіруден пайда тауып, байи қойған жоқ. Бірақ бөдене жұмыртқасы мен етіне күннен күнге сұраныс артып келеді. Соңғы айда фермерлер күн сайын 1,5 мың жұмыртқаны саудаға шығарып отыр. Алушылардың қатары көбейіп жатқаны аңғарып отыр.

Кәсіпкерлер бөдене жұмыртқасы мен етін сатуға сертификат алған. Бүгінгі күннің жаңалығын фермерлер де тиімді пайдаланып отыр. Олар Инстаграмда, сайтта өз өнімдерін жарнамалап, осы күні 1500 жазылушы жинаған. Ақтау, Атырау, Қызылорда мен Оралдан тапсырыстар жиі түседі. Ірі супермаркеттермен де тығыз байланыс орнатып, өз өнімдерін саудаға шығаруға талпыныс жасап жатқан жайы

Ақтөбелік кәсіпкерлер Кирилл Челобичкий мен Семен Блинецкийлер еліміздегі ең ірі бөдене фермасын ашты. Бұл шаруа алғашында хобби ретінде қолға алынған. 9 айда бөдене саны 2,5 мыңға жеткен.



бар. Фермерлер бүгінде нарыққа айына 30 мың жұмыртқа шығаруға дайын. Бөденелер күн сайын 1,5-2 мың жұмыртқа беріп келеді. Фермерлердің мақсаты – оны 7 мыңға дейін жеткізу.

## Жұдырықтай құстың пайдасы

Бөдене өсіру мен одан қаншалықты табыс табуға болады? Жалпы, бөдене жұмыртқасы мен етінің қандай пайдасы бар? деген сауалдарға жауап іздеп көргіміз келді. Қазір дүкендер мен базар сөрелерінен қиналмай табуға болатын, кішкентай ғана, сырты ала-ала бөдене жұмыртқасы – бұл өте құнды диеталық өнім. Үлкендерге қандай пайдалы болса, балаларға тіпті одан да пайдалы деуге негіз бар. Көлемі шағын ғана жұмыртқаның дәмі тіл үйіреді, тойымды, сондай-ақ оның құрамы биологиялық белсенді заттарға бай. Өзімізге етене таныс, кәдімгі тауық жұмыртқасына қарағанда, бір грамм бөдене жұмыртқасы құрамында А және D дәрумендері 2 есе мол. В тобындағы дәрумендер де анағұрлым жоғары. Бұл

диеталық өнімде мыс, фосфор, калий және темір, кобальт, никотин қышқылы мен амин қышқылы мол.

Бөдене жұмыртқасының қабығы 90 пайыз кальций қорбанатынан тұрады. Зерттеулерге қарағанда, дәріханаларда сатылатын кальцийлерге қарағанда бөдене жұмыртқасы қабығындағы кальций адам ағзасына өте сіңімді. Бұдан басқа ол ағзаға аса қажет мыс, фтор, күкірт, кремний, мырышқа бай. Сондықтан ұсақталған жұмыртқа қабығын балалар мен жүкті келіншектерге ұсынған абзал. Ағзадағы кальцийдің молайып, сүйектердің қатаюына игі ықпалын тигізеді. Тістердің маржандай тізіліп, бүлінбеуіне де әсер етеді.

Күніне екі бөдене жұмыртқасын жеген бала мықты есте сақтау қабілетіне, жүйке жүйесіне, өткір көз жанарына ие, олардың сырақтанатын кезі сирек.

## Жұмыртқа және ет

Бөдене өсірумен тұрақты айналысушылар оның тиімді табыс көзі екендігін рас-

тайды. Ең алдымен бөдене жұмыртқасы өндірісі тауық өсіруге қарағанда арзанға түседі. Бөдененің инкубациялық кезеңі небары 16 күн. Егер тиісті технологияны сақтап өсіретін болса, бөденелер бір айда жетіліп, жұмыртқа бере бастайды. Сосын жылына 280 жұмыртқаға дейін бере алады. Салмағы небары 125 грамдық шағын құс бір жыл ішінде 2,5 келі жұмыртқа береді, яғни өз салмағынан 24 есе жоғары. 28 күнде бөдене жетіліп, етін пайдалана беруге болады. Егер жұмыртқа алудан артық бөденелер көбейіп бара жатса, олар етке өткізіліп, осы күні мейрамханаларда үлкен сұранысқа ие болып тұрған тансық ас ретінде пайдаланылады. Бұл – бөдене шаруашылығында ет өнімін өндірумен де айналысуға жол ашық дегенді білдіреді. Мекиендері небары бір жыл ғана өнімді жұмыртқа береді. Сосын оның мүмкіндігі шектеле береді. Сондықтан олар да ет өндірісіне қарай жол тартары сөзсіз.

Бөдене өсіруге кейінгі жылдары ғана ден қойыла бастады. Демек, бұл нарықтың орны бос тұр деуге толық негіз бар. Оның үстіне қазірдің өзінде ел арасында бөдене жұмыртқасы мен етіне деген сұраныс күннен күнге артып келеді. Бұл шаруашылықпен айналысушылар өз тәжірибесіне сүйеніп, тұрақты табыс көзіне ие болғанын айтады. Оның үстіне отбасын экологиялық таза, сапалы әрі дәмді өніммен қамтамасыз ету үлкен тиімділік. Егер бұл саламен бизнес көзі ретінде табыс табуға айналыспаған күннің өзінде тек өз отбасыңды қамтамасыз ету үшін де бөденемен айналысып көруге болады. Ол үшін көп нәрсенің қажеті шамалы. Бұл құсты өсіруге үлкен ғимарат та, қомақты жем де қажет емес. Бір бөдене жылына шамамен 10 келі, ал тәулігіне небары 25-30 грамм жем жейді екен. Құсты үй жағдайында торда ұстауға да болады. 1 шаршы метр торда 80 бөдене ұстауға болады. Тіпті қалалықтар пәтер балканында 30x40 см көлемдегі торда 5-6 бөдене ұстап көруге болады. Бұл іспен айналыспас бұрын өніммен жақсылып танысып, дәмін көру қажет. Кім біледі, күндердің күнінде бұл рәсіммен де сіздің және сіздің отбасыңыздың берекелі табыс көзіне айналар.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Балық байлықтың көзі

Алматы облысының шығысында шалқып жатқан Алақолдың бір байлығы тайдай тулаған балығы болып саналады. Ушарал «РыбПром» атты өндіріс орнын осыдан он бес жыл бұрын құрылған еді. Әбілхан Машенов басқаратын бұл зауытта балықтың таза сүбесін шығаратын және балық етінен дайындалатын жартылай фабрикаттар, өңдеуден өткеннен кейінгі балық қалдығынан азықтық ұнтақ шығаратын үш цех тұрақты жұмыс істеуді бастаған. Бүгінде сәтті басталған сол жұмыс жылдар бойы өзіндік жемісін беріп келеді.

Кәсіпкерлер өндірістегі заман талабына сай жабдықталып тағам сапасын тексеретін зертхана шикізатты қабылдау бөлімінен бастап механикалық түрде өңделіп, қаптамаға салынып бекітіліп, пайдалануға дайын өнімге айналғанға дейінгі жұмысты қалтқысыз қадағалап, сақтандыру шарасын белгіленген талапқа сай атқарып, қандай да бір жолмен сапасыз өнім шығуына жол бермейді. Сапаға баса назар аударудың нәтижесінде аталған компания аз ғана уақытта Қазақстан балық шаруашылығы саласында өзіндік орнынын айқындады. Нақты дәлел ретінде осынау өнеркәсіп өнімдері елімізде ұйымдастырылған түрлі деңгейдегі көрмелерде жоғары дәрежелі дипломдармен

марапатталғанын және бағалы сыйлықтар алғанын айтуға болады.

«РыбПром» кәсіпорының екінші зауыты Алматы облысы, Балқаш ауданы, Құйған ауылында болса, үшінші зауыты Өскемен қаласында жұмысын жүргізуде. Тағы бір баса айтар жетістік, осынау өндіріс орнында балық қалдықтарынан жасалып шығарылатын азықтық ұнтаққа Өскемен, Семей, Павлодар қалалары мен еліміздегі ең үлкен мегаполистің іргесіндегі Алматы облысының бірнеше аудандарында тұрақты жұмыс істейтін құс фабрикалары үзіліссіз сұраныс түсуде.

– Балық қорын көбейту мақсатымен Бесағаш ауылында балық уылдырығын өндіретін

цех ашып оны іске қостық. Бұл бастамамызды Қазақстан балық шаруашылығын зерттеу институты жақсы қолдады. Биотехникалық балық өсіру орны жасанды тоғанға жіберілген шабақтардың шығынсыз өсіп көбеюіне, жағдай жасау болып табылады. Алдын ала зерделеніп жасалған жоспарға сәйкес 15 млн. сазан алу үшін 200-ге жуық үлкен сазанды ұстап, мұқият тексеріп, ешқандай ауруы жоқ екендігін анықтаған соң уылдырық шашу үшін оларды тоғанға жібердік. Нақты дерекке дәйектеме келтірсек, сол сазандарды уылдырық шашқанға дейін 17-18 градус жылы суда ұстап, белгіленген мөлшермен жеммен қоректендіріп отырдық. Әрине, жасанды тоғанға су толтырар



алдында сазан уылдырықтары үшін азық қоры қызметін атқаратын микроорганизмдер мен дафнилер дамытылады. Яғни 10 гектар су айдынына 30 тонна мөлшерінде азық жеткізілуі тиіс. 1,5 млн. сазан өсіру үшін 2004 жылдың қазанына дейін 30 тонна концентратты азық қажет болды. Әр 10 күн сайын сеголеткаларды ұстап өсу қарқынын тексеріп отырдық. «Байбала» учаскесінде жасалған қыстық

тоғандарда сазан сеголеткасының тығыз орналасуы топырақтың климаттық ерекшелігі есебінен жасалды. Судың гидрохимиялық және гидробиологиялық талдауы нормаға сәйкес келеді. Биологиялық жағынан маңызды мәселе шабақтарды қысқа дайындау десек бұл жұмысқа «Байбала» учаскесі өте ыңғайлы жер болды, – дейді «РыбПром» ЖШС Алақол аудандық филиалының директоры Әбілхан Машенов.